



«Бекітемін»
Колледж басшысы

Б. Пшенова

2026 ж.

«МЕНЕДЖМЕНТ, БИЗНЕС ЖӘНЕ БІЛІМ КОЛЛЕДЖІ» ЖШС-Н

2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА ОҚУҒА

ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Осы Колледжге оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабының 63) тармақшасына және Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – ТЖКБ ұйымдары) оқуға қабылдау тәртібін айқындайды. 2026 жылғы «01» 06.2026 № 1504/Қ бұйрығымен, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Колледжге Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар, босқындар, баспана іздеуші адамдар, қандастар, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік), жоғары білімді (жоғары кәсіптік) тұлғалар, сондай-ақ білімі туралы құжаты (куәлік, аттестат) бар ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар қабылданады.

Ескертпе. 2-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 03 шілдедегі №153 бұйрығымен жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 26-бабының 8-тармағында көрсетілген тұлғалар үшін қабылдау квотасы көзделеді.

Қабылдау квотасының мөлшері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №261 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау кезінде қабылдау квоталарының мөлшерін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33298 болып тіркелген) (бұдан әрі – №261 бұйрық).

Ескертпе. 3-тармаққа Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 қаңтардағы №20 бұйрығымен (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2025 жылғы 3 шілдедегі №153 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) өзгерістер енгізілген.

3. Колледжде оқуға түсу туралы өтініштерді қабылдау, әңгімелесуді өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін жыл сайын 10 маусымнан кешіктірілмей колледж басшысының бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамы тақ саннан тұрады.

Қабылдау комиссиясының құрамына Қамқоршылық кеңестің өкілдері (ол болмаған жағдайда – жұмыс берушілердің өкілдері), қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері енгізіледі.

Қабылдау комиссиясының төрағасы колледж басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастыруды хатшы жүзеге асырады. Ол азаматтарды қабылдауды жүргізеді, азаматтардың қабылдау мәселелері бойынша жазбаша өтініштеріне жауап береді, қабылдау комиссиясының ақпараттық материалдарын жариялауға дайындайды, әңгімелесулерді, емтихан алдындағы консультацияларды, арнайы және шығармашылық емтихандарды дайындау мен өткізуді ұйымдастырады, емтихандық және жазбаша жұмыстарды шифрлау және дешифрлауды жүзеге асырады.

Хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

Қабылдау комиссиясы қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда қабылдау комиссиясының құрамы қайта қаралады.

Ескертпе. 4-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 01 маусымдағы №150-НҚ бұйрығымен жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Педагогикалық мамандықтар және арнайы және/немесе шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша арнайы және/немесе шығармашылық емтихандарды өткізу үшін колледжде күнтізбелік жылдың 20 маусымынан кешіктірілмей емтихан комиссиясы құрылады.

Емтихан комиссиясының құрамына колледж өкілдері, әлеуметтік серіктестердің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

Комиссия төрағасы емтихан комиссиясы мүшелерінің арасынан көпшілік дауыспен сайланады.

Емтихан комиссиясының құрамы колледж басшысының бұйрығымен бекітіледі.

- 5 Қабылдау және/немесе емтихан комиссияларының шешімдері, егер олардың отырыстарына комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда, заңды деп есептеледі және қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда қабылдау және/немесе емтихан комиссиясы мүшелерінің дауыстары тең түскен кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Хатшы қабылдау және/немесе емтихан комиссияларының мүшесі болып табылмайды.

Емтихан комиссиясының қорытынды отырысында аудио- немесе бейнетіркеу жүргізіледі. Аудио- немесе бейнетіркеу колледждің мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.

Қабылдау комиссиясының қорытынды отырысында хаттама жүргізіледі, ол колледждің мұрағатында кемінде үш жыл сақталады.

Ескертпе. 6-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 қаңтардағы №20 бұйрығымен жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қабылдау және/немесе емтихан комиссияларының жұмысы колледжде цифрлық технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Ескертпе. 7-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 01 маусымдағы №150-НҚ бұйрығымен жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Колледжге оқуға қабылдау үшін қабылдау комиссиясының жұмысын өңірлерге шығып ұйымдастыру мәселелері тиісті саланың уәкілетті органымен, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беру саласындағы басқару органымен (бұдан әрі – Білім басқармасы) келісу арқылы шешіледі.

8. Мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) бойынша колледжде оқуға қабылдау, білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары, арнайы оқу бағдарламалары, діни (рухани) білім беру ұйымдары, қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандар, сондай-ақ бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары

білімі бар орта буын мамандықтарына түсушілер үшін колледждің жобалық мүмкіндігі ескеріле отырып, тұлғалардың өтініштері негізінде жүзеге асырылады.

Жобалық мүмкіндік Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №381 бұйрығымен бекітілген «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білімге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына» сәйкес айқындалады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29323 болып тіркелген) (бұдан әрі – №381 бұйрық).

Колледжге орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау тұлғалардың өтініштері негізінде конкурс негізінде жүзеге асырылады.

Ескертпе. 9-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 шілдедегі №311 бұйрығымен жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 2025 жылғы 31 қаңтардағы №20 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2025 жылғы 03 шілдедегі №153 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) өзгерістер енгізілген.

9. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім негізінде ақылы негізде оқуға түсетін тұлғаларды қабылдау, арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар өткізу, конкурс және оқуға қабылдау осы Қағидалардың талаптарына сәйкес колледж арқылы жүзеге асырылады.

10. Колледжге оқуға түсуші тұлғалардың өтініштерін қабылдау:

1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары, арнайы оқу бағдарламалары бойынша, сондай-ақ діни (рухани) білім беру ұйымдарына түсу үшін және қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандар үшін – күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 27 тамызына дейін, ал кешкі оқу нысаны бойынша – күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 20 қыркүйегіне дейін жүзеге асырылады.

11. техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлау:

мемлекеттік білім беру тапсырысы (мемлекеттік тапсырыс) бойынша күндізгі оқу нысанына – негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім негізінде күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 22 тамызына дейін;

ақылы негізде – күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 27 тамызына дейін;

кешкі және сырттай оқу нысандары бойынша – күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 20 қыркүйегіне дейін;

шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша – күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 20 шілдесіне дейін;

педагогикалық мамандықтар бойынша – негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім негізінде күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 10 тамызына дейін;

медициналық мамандықтар бойынша – негізгі орта білім негізінде 25 маусымнан 10 тамызға дейін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім негізінде 25 маусымнан 15 тамызға дейін жүзеге асырылады.

Ескертпе. 11-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 03 шілдедегі №153 бұйрығымен жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2026 жылғы 01 маусымдағы №150-НҚ бұйрығымен өзгерістер енгізілген.

11. Мемлекеттік қызметті қызмет алушылардың алуы:

1. Қазақстан Республикасының орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін **«электрондық үкіметтің» веб-порталы** (бұдан әрі – Портал) арқылы;

1) тармақша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

2. өткен жылдардағы білім беру ұйымдарының түлектері, білім туралы құжаттары бар тұлғалар үшін **колледжде** (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырылады.

Цифрландырылмаған білім туралы құжаттары бар, шетелдік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталған адамдар үшін. Екінші бөлік Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

Екінші бөлік Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

Порталдың және (немесе) ҰБДҚ-ның техникалық ақаулығы туындаған жағдайда, құжаттарды қабылдау білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімі негізінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары айқындайтын ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы тиісті акт жасай отырып жүзеге асырылады. Құжаттар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес ұсынылады. Қажет болған жағдайда қызмет алушы «бір өтініш» қағидаты бойынша «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» және «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне, сондай-ақ қорғаншылықта (қамқоршылықта) және патронаттық тәрбиеде жүрген адамдарға және азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін алу үшін «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу барысында құжаттарды тапсыру кезінде өтініш бере алады. Бұл ретте, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13487 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі, ал «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға және азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі Министрдің бұйрығына сәйкес көрсетіледі. ал «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға және азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 82 «Азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32226 болып тіркелген).

Өтініште көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижелері колледжге оқуға қабылдау нәтижелері бойынша беріледі.

Қызмет алушы оқуға қабылдау қорытындылары бойынша 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде білім беру қызметтерін көрсету туралы электрондық шартқа қол қояды. Шартқа қол қою туралы SMS-хабарлама eGov мобильді қосымшасының Bilim сервисі арқылы жіберіледі Ескерту. 12-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

12. Оқуға түсуге арналған құжаттар кәмелетке толған адамдар тарапынан жеке өзі ұсынылады, кәмелетке толмағандар – заңды өкілінің қатысуымен ұсынылады

13. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, оның ішінде қызмет көрсету процесінің сипаттамалары, нысаны, мазмұны және нәтижесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып өзге де мәліметтер Тізбеде көрсетілген. Ескерту. 14-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 420 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

14. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және өтініш берушіге құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш түскен күні жүзеге асырады. Қызмет алушы құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қолхат береді

15. Құжаттар Портал арқылы берілген кезде қызмет алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрауды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі Ескерту. 16-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 қаңтардағы № 20 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

16. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтініш түскен күні оны тіркеуді жүзеге асырып, орындау үшін жауапты құрылымдық бөлімшеге жібереді. Өтініш Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда, ол келесі жұмыс күні тіркеледі.

17. Қызмет алушы құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында қызмет алушының «жеке кабинетіне» уәжді бас тартуды жолдайды, не тікелей көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес қағаз жеткізгіштегі уәжді бас тартуды береді.

Ескерту. 18-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 қаңтардағы № 20 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

18. Қызмет алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері қызмет алушыға осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес құжаттардың қабылданғаны туралы хабарламаны жолдайды.

20-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда көзделеді (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

19. Көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес, Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді..

20. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Қызмет алушының көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Қызмет алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Ескерту. 21-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес енгізілген өзгерістермен берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

21. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қызмет алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

23-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда көзделеді (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

22. Талапкерлерден түскен өтініштер «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ҰБДҚ) тіркеледі. Ескерту. 23-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 қаңтардағы № 20 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

23. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін адамдармен, сондай-ақ бейіні сәйкес келетін техникалық және кәсіптік

(жұмысшы біліктілігі), орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар орта буын мамандықтарына түсушілермен әңгімелесу жүргізіледі. Қабылдау комиссиясы талапкермен тиісті бағыттар бойынша жеке әңгімелесуді 20 минуттан аспайтын уақыт ішінде өткізеді. Әңгімелесуге арналған сұрақтар тізбесі мен бағалау критерийлерін қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Ескерту. 24-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

23-1. Кәсіпорындардың (ұйымдардың, мекемелердің) өтінімдері бойынша колледжге түсетін талапкерлерді іріктеу колледждің қабылдау комиссиясы кәсіпорындар (ұйымдар, мекемелер) өкілдерінің қатысуымен өткізетін әңгімелесу қорытындылары бойынша жүзеге асырылады. Ескерту. Қағидалар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 шілдедегі № 311 бұйрығына сәйкес 24-1-тармақпен толықтырылған (ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

23-2. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалармен (тұлғалармен), білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің арнайы білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетіндермен әңгімелесу жүргізіледі.

Қабылдау комиссиясы талапкермен тиісті бағыттар бойынша жеке әңгімелесуді 20 минуттан аспайтын уақыт ішінде өткізеді. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалардың (тұлғалардың) ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері қабылдау комиссиясына орта білім беру ұйымының басшысының қолымен және мөрімен расталған оқушылардың жинақталған жетістіктер карталарын және (немесе) психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын ұсынады.

Ескерту. Қағидалар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес 24-2-тармақпен толықтырылған (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі). 25-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда көзделеді (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

24. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда әңгімелесу ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып өткізіледі.

25. Білікті жұмысшы кадрларды даярлау бойынша түсушілер саны колледждің жобалық мүмкіндігінен асқан жағдайда, мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылдау осы Қағидалардың 60-тармағына сәйкес орташа конкурс балы негізінде, сондай-ақ № 261 бұйрығына сәйкес квоталық санат ескеріле отырып жүзеге асырылады. Бейіні сәйкес келетін техникалық және кәсіптік (жұмысшы біліктілігі), орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар орта буын мамандықтарына түсушілер саны асып кеткен жағдайда, мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылдау техникалық және кәсіптік (жұмысшы біліктілігі), орта білімнен кейінгі,

жоғары білім туралы құжаттың орташа балы негізінде жүзеге асырылады. Ескерту. 26-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

26. Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген түсушілердің қабылдау квотасы көзделген тұлғалар санатына жататынын растайтын құжаттар осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдаудың белгіленген мерзімдері аяқталғанға дейін колледждің қабылдау комиссиясына ұсынылады..

Ескерту. 27-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

27. Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген колледждің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 25 маусымынан бастап түсушілердің және қабылдау квотасы көзделген тұлғалардың тізімдік құрамын орташа конкурс балы көрсетіле отырып колледждің сайтында қалыптастырады және оны күн сайын жаңартуды қамтамасыз етеді..

28. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды (тұлғаларды) колледжге оқуға қабылдау дәрігерлік-консультациялық комиссияның, медициналық-әлеуметтік сараптаманың ұсынымдары мен қарсы көрсетілімдерін ескере отырып, тиісті мамандықтар мен біліктіліктер бойынша жүзеге асырылады.

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды (тұлғаларды) қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның арнайы білім беру бағдарламасы бойынша оқытуға арналған ұсынымдары бар қорытындысын ескере отырып жүргізіледі, жалпы топтар жағдайында – жеке білім беру бағдарламасы бойынша оқытылады. Ескерту. 29-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі). 30-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда көзделеді (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

29. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс негізінде оқуға түсетін тұлғалар (білім беру, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органның құзыретіне кіретін ТЖКБ ұйымдарын қоспағанда) күнтізбелік жылдың 25 маусымынан бастап білім басқармасының ақпараттық жүйесі арқылы ерікті негізде кәсіби диагностикадан (сауалнама) өтеді.

30. Кәсіби диагностика қорытындылары бойынша талапкерге мамандықтарды таңдау бойынша ұсынымдар және ұсынылған мамандықтарға сәйкес кәсіп карталары беріледі. Кәсіби диагностика нәтижелері ұсынымдық сипатта болады.

32-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда көзделеді (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

31. Кәсіби диагностикадан өткеннен кейін педагогикалық мамандықтар бойынша, сондай-ақ арнайы және/немесе шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша колледжге мемлекеттік тапсырыс негізінде оқуға түсетін тұлғалар арнайы және/немесе шығармашылық емтихандарды тапсыруға жіберіледі.

Ескерту. 32-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 қаңтардағы № 20 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

33-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда көзделеді (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

32. Педагогикалық мамандықтар бойынша, сондай-ақ өнер және мәдениет саласының мамандықтары бойынша колледжге мемлекеттік тапсырыс негізінде оқуға түсетін тұлғалар осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес арнайы және/немесе шығармашылық емтихандарды, сондай-ақ психометриялық тестілеуді тапсырады. Өнер және мәдениет мамандықтары бойынша арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар өткізу кезінде талапкерлер конкурстарға, олимпиадаларға немесе спорттық жарыстарға қатысқан жағдайда, емтихандар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы өткізіледі.

Ескерту. 33-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 шілдедегі № 311 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

34-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда көзделеді (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

33. Педагогикалық мамандықтарға түсетін тұлғалар үшін арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар күнтізбелік жылдың 15 тамызына дейін, негізгі орта, жалпы орта білім базасында түсетін және шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін күнтізбелік жылдың 21–28 шілдесі аралығында өткізіледі.

Ескерту. 36-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 3 шілдедегі № 153 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

37-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда көзделеді (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

34. Ағылшын тілінде оқытылатын мамандықтарға түсетін тұлғалар үшін ағылшын тілі бойынша базалық білім деңгейін бағалау (әңгімелесу әдісімен), оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды

пайдалана отырып, күнтізбелік жылдың 15 тамызына дейін қосымша жүргізіледі.

Әңгімелесу қорытындылары «Рұқсат етілді» / «Рұқсат етілмеді» нысанында бағаланады.

35. Арнайы және/немесе шығармашылық емтихандарға, сондай-ақ психометриялық тестілеуге қатысу үшін мүгедектігі бар балалар мен мүгедектігі бар адамдар (көру, есту, тірек-қимыл аппараты функциялары бұзылған) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен бекітілген «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларына» сәйкес нысан бойынша мүгедектік туралы анықтаманы ұсынған жағдайда, қажет болған кезде қосымша қабылдау комиссиясы төрағасының атына еркін нысанда өтініш беріп:

- жеке аудитория беруді;
- көру, тірек-қимыл аппараты функциялары бұзылған мүгедектігі бар балалар мен мүгедектігі бар адамдар үшін пәндер бойынша арнайы және/немесе шығармашылық емтихан шеңберінде оқытушы болып табылмайтын көмекшіні және (немесе) есту қабілеті бұзылған балалар мен мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілін меңгерген маманды беруді сұрай алады.

Ескерту. 38-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 қаңтардағы № 20 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

36. Арнайы және/немесе шығармашылық емтиханды өткізу нысаны мен тәртібін (өткізу күні, уақыты, орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және өтінішті қабылдау кезінде талапкерлерге жеткізіледі.

37. Талапкерді арнайы және/немесе шығармашылық емтихан, психометриялық тестілеу, әңгімелесу өткізу аудиториясына жіберу талапкердің жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

38. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін емтихан материалы беріледі және титул парақтарын рәсімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны көрсетіледі, апелляцияға өтініш беру тәртібі түсіндіріледі.

Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар, психометриялық тестілеу өткізу кезінде:

1) арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар «2», «3», «4», «5» балдарымен бағаланады;

Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған, психометриялық тестілеуден өтпеген тұлғалар келесі емтиханға, Конкурсқа жіберілмейді.

«Қазақстан Республикасының спорт шебері» спорттық атағы бар және «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына түсетін тұлғалар

шығармашылық емтиханды тапсырудан босатылады және оларға ең жоғары балл қойылады..

Ескерту. 42-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

39. Арнайы және/немесе шығармашылық емтиханның қорытындылары бағалар ведомосі түрінде ресімделеді. Арнайы және/немесе шығармашылық емтихандарды, сондай-ақ психометриялық тестілеу мен әңгімелесуді өткізу кезеңінде аудио-, бейнетіркеу жүргізіледі, ол колледждің мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.

40. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның, сондай-ақ психометриялық тестілеудің нәтижелері емтихандар мен тестілеу аяқталғаннан кейін бір тәуліктен кешіктірілмей жарияланады және колледждің ақпараттық стендтерінде немесе интернет-ресурстарында орналастырылады.

Ескерту. 44-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

41. Арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар нәтижелерін бағалау кезінде бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу, сондай-ақ талапкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында колледж басшысының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия тақ санды мүшелерден тұрады. Апелляциялық комиссияның құрамы колледж педагогтарынан жасақталады. Бір тестілеу пәні бойынша кемінде екі адам болуы тиіс. Апелляциялық комиссия құрамынан мүшелердің көпшілік дауысымен төраға сайланады. Хатшы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

42. Емтихан нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға өтініш береді. Апелляцияға өтініш емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күннің сағат 13:00-ге дейін апелляциялық комиссияға беріледі және өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің қатысуымен қаралады.

43. Апелляциялық комиссия отырысы оның құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссия шешімі отырысқа қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Апелляциялық комиссияның жұмысы хаттамалармен ресімделеді, олар апелляциялық комиссияның төрағасы және барлық мүшелерімен қол қойылады.

48-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда көзделеді (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

44. Арнайы және/немесе шығармашылық емтихан нәтижелері колледж тарапынан (білім беру, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы

уәкілетті органның құзыретіне кіретін ТЖКБ ұйымдарын қоспағанда) мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға конкурсқа қатысу үшін ҰБДҚ ақпараттық жүйесіне жолданады (бұдан әрі – Конкурс).

Ескерту. 48-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 қаңтардағы № 20 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

45. Орта буын біліктіліктері мен қолданбалы бакалавриат бойынша Конкурсқа негізгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру базасында оқуға түсетін тұлғалар, сондай-ақ білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын аяқтаған тұлғалар қатысады.

46. Педагогикалық мамандықтарға, сондай-ақ арнайы және шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсетін тұлғалар Конкурсқа арнайы және/немесе шығармашылық емтихандардың, психометриялық тестілеудің, әңгімелесудің нәтижелері бойынша жіберіледі.

47. Конкурсқа қатысу үшін негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында түсушілер (білім беру, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органның құзыретіне кіретін ТЖКБ ұйымдарын қоспағанда) осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес күнтізбелік жылдың 22 тамызына дейін өтініш береді.

Ескерту. 51-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 3 шілдедегі № 153 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

48. Конкурсқа өтініш беру кезінде талапкерлер уәкілетті органдар бекіткен төртке дейін мамандықты, біліктілікті (қажет болған жағдайда), сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары бекіткен төртке дейін ТЖКБ ұйымын, мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі комиссия бекіткен ТЖКБ ұйымдарын, оқыту тілін (қазақ, орыс, ағылшын) және білім деңгейін таңдайды.

53-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда көзделеді (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

49. Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген және өтініш берген тұлғаларды колледж күнтізбелік жылдың 26 тамызына дейін ҰБДҚ ақпараттық жүйесінде мамандық, біліктілікті көрсете отырып тіркейді.

Ескерту. 53-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 қаңтардағы № 20 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

54-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда көзделеді (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

50. Конкурс ҰБДҚ ақпараттық жүйесі арқылы (білім беру, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органның құзыретіне кіретін ТжКБ ұйымдарын, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталған адамдарды қоспағанда) талапкерлерді білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейіндік пәндер бағаларының орташа конкурс балы бойынша автоматтандырылған бөлу арқылы өткізіледі, ал педагогикалық, медициналық мамандықтарға, сондай-ақ шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейіндік пәндер бағаларының (баллдарының) орташа балы, ТжКБ ұйымы өткізген арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар нәтижелері бойынша алынған бағалар (баллдар), сондай-ақ қабылдау квотасы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 54-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 3 шілдедегі № 153 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

55-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда көзделеді (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

51.Талапкерлерді автоматтандырылған бөлу ҰБДҚ ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 55-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 қаңтардағы № 20 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

52. Негізгі орта және жалпы орта білім базасында, ТжКБ базасында мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға түсетін тұлғалар арасындағы конкурс күнтізбелік жылдың 23–24 тамызы аралығында, ақылы негізде – 28–29 тамызы аралығында, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша түсушілер үшін – 29 шілде мен 2 тамыз аралығында, педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша – негізгі орта және жалпы орта білім базасында, сондай-ақ ТжКБ базасында 16–17 тамыз аралығында өткізіледі; медициналық мамандықтар бойынша негізгі орта білім базасында – 16–17 тамызда, жалпы орта білім және ТжКБ базасында – 18–19 тамыз аралығында өткізіледі.

Ескерту. 57-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

53. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша бейіндік пәндер тізбесі осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес айқындалады..

54. Орташа конкурс балы (бұдан әрі – ОКБ) осы Қағидалардың 4, 5-қосымшаларына сәйкес пәндер/пәндер бойынша бағалар мен арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар бағаларының жалпы олардың санына қатынасы ретінде орташа мәні болып айқындалады.

55. Бағалардың орташа балы білім туралы құжатқа және шығармашылық және (немесе) арнайы емтихандардың хаттамаларына сәйкес қалыптастырылады;

бастауыш («Хореографиялық өнер» мамандығы үшін), негізгі орта білім базасында түсушілер үшін – үш пән бойынша бағалардан/баллдардан: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі) және мамандық бейіні бойынша екі пән бойынша айқындалады:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП1/МП1С} + \text{БП1/БП1С} + \text{БП2/БП2С}) / \text{БС},$$

мұндағы МП1/МП1С – міндетті пән/пән бойынша 1 баға;

БП1/БП1С – бірінші бейіндік пән/пән бойынша 1 баға;

БП2/БП2С – екінші бейіндік пән/пән бойынша 2 баға;

БС – бағалар саны;

Жалпы орта білім базасында түсушілер үшін – төрт пән бойынша бағалардан: міндетті пәндер/пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән/пән бойынша айқындалады:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП1/МП1С} + \text{МП2/МП2С} + \text{БП1/БП1С} + \text{БП2/БП2С}) / \text{БС},$$

мұндағы МП1/МП1С – міндетті пән/пән бойынша 1 баға;

МП2/МП2С – міндетті пән/пән бойынша 2 баға;

БП1/БП1С – бірінші бейіндік пән/пән бойынша 1 баға;

БП2/БП2С – екінші бейіндік пән/пән бойынша 2 баға;

БС – бағалар саны;

жалпы орта білім базасында педагогикалық және медициналық мамандықтарға, сондай-ақ шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін – төрт пән бойынша бағалардан: міндетті пәндер/пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән/пән (қажет болған жағдайда), және (немесе) арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның бағаларынан/баллдарынан айқындалады:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП1/МП1С} + \text{МП2/МП2С} + \text{БП1/БП1С} + \text{БП2/БП2С} + \text{СЭ/ШЭ}) / \text{БС},$$

мұндағы МП1/МП1С – міндетті пән/пән бойынша 1 баға;

МП2/МП2С – міндетті пән/пән бойынша 2 баға;

БП1/БП1С – бірінші бейіндік пән/пән бойынша 1 баға;

БП2/БП2С – екінші бейіндік пән/пән бойынша 2 баға;

СЭ/ШЭ – арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан бағасы (екі арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілген жағдайда СЭ2/ШЭ2);

БС – бағалар саны.

Ескерту. 60-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

56. Орташа конкурс балы тең болған жағдайда білім туралы құжаттың орташа балы, сондай-ақ № 261 бұйрығына сәйкес квоталық санат ескеріледі.

Ескерту. 61-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 қаңтардағы № 20 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

57. Шет мемлекеттің білім туралы құжаты бар тұлғалар үшін, егер білім туралы құжатта осы Қағидалардың 5-қосымшасында көрсетілген міндетті және бейіндік пәндер болмаған жағдайда, міндетті және бейіндік пәндердің тізбесі ТЖКБ ұйымдарының қабылдау комиссияларымен ҰБДҚ арқылы айқындалады..

Ескерту. 62-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа

редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі)..

58. Мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінбеген орындар болған, мамандықтар бойынша топтардың толық жасақталмауы (өнер және мәдениет, денсаулық сақтау мамандықтарын қоспағанда, кемінде 15 адам) және қамтылмаған талапкерлер болған жағдайда, күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін № 381 бұйрығына сәйкес мемлекеттік тапсырысты мамандықтар мен ТЖКБ ұйымдары бойынша қайта бөлу жүзеге асырылады.

ҰБДҚ талапкерлерді автоматтандырылған бөлу арқылы колледжге қабылдау үшін білім басқармаларына бөлу қорытындыларын жібереді:

- білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша колледжде оқуға әңгімелесуден сәтті өткен тұлғалардың тізімі;
- кәсіпорындардың өтінімдері бойынша, сондай-ақ арнайы оқу бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауға әңгімелесуден сәтті өткен тұлғалардың тізімі;
- орта буын мамандықтары мен қолданбалы бакалавриат бойынша оқуға конкурс нәтижелерінен өткен тұлғалардың тізімі.

Ескерту. 63-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 3 шілдедегі № 153 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығымен енгізілген өзгерістермен берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

59. Білім басқармалары күнтізбелік жылдың 25 тамызында негізгі орта, жалпы орта білім базасында, ТЖКБ базасында түсушілер арасындағы Конкурс қорытындыларын; 3 тамызда – өнер және мәдениет мамандықтары бойынша; 18 тамызда – педагогикалық мамандықтар бойынша негізгі орта және жалпы орта білім базасында, сондай-ақ ТЖКБ базасында; 18 тамызда – медициналық мамандықтар бойынша негізгі орта білім базасында, 20 тамызда – жалпы орта білім және ТЖКБ базасында өздерінің ресми интернет-ресурстарында жариялайды.

Порталдың 1414 Бірыңғай байланыс орталығы талапкерлерді Конкурс қорытындылары туралы SMS-хабарлама арқылы ақпараттандырады.

Ескерту. 64-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

60. Орта буын мамандарын, қолданбалы бакалаврды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар құрамына қабылдау колледж басшысының бұйрығымен қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде жүргізіледі:

- күндізгі оқу нысаны бойынша – күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;
- кәсіпорындардың (ұйымдардың, мекемелердің) өтінімдері бойынша – күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін.

Ескерту. 66-тармақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 3 шілдедегі № 153 бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

61. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар құрамына қабылдау:

күндізгі оқу нысаны бойынша – әңгімелесу нәтижелері негізінде күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін жүргізіледі;

62. Оқуға қабылдау нәтижелері туралы ақпарат орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврды даярлайтын күндізгі оқу нысаны бойынша түсушілерге – күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, білікті жұмысшы кадрларды даярлау бойынша – күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, кешкі және сырттай оқу нысандары бойынша – 30 қыркүйекке дейін колледждердің қабылдау комиссиялары тарапынан ақпараттық стендтерде немесе интернет-ресурстарда орналастыру арқылы жеткізіледі.

1-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 1 маусымдағы № 150-НҚ бұйрығына сәйкес жаңа редакцияда көзделеді (2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

Жауапты хатшы



Бектурсынова Р.А.